

РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИ

РЫМҒАЛИ
НҰРҒАЛИ

•
Шығармалары

I

РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИ



Шығармалары

1

ТОМ

Драма өнері

Монография

I кітап

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана-2013

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Қаз)

Н 86

*Қазақстан Республикасының Мәдениет
және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Н 86 Нұрғали Р.
Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2013.

ISBN 978-9965-35-995-8

Т.1. 1-кітап. Драма өнері: монография. – 320 б.

ISBN 978-9965-35-996-5

Қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік орны зор көрнекті ғалым әрі жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш. Уәлиханов сыйлығының лауреаты, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Рымғали Нұрғалидың 8 томдық шығармалар жинағының бірінші томына «Драма өнері» атты монографиясының бірінші және екінші бөлімдері беріліп отыр.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-9965-35-996-5 (Т.1)

ISBN 978-9965-35-995-8

© Нұрғали Р., 2013

© «Фолиант» баспасы, 2013

КІРІСПЕ

Халықтың шындық, әділет, ақиқат ұранын алтын арқау еткен қазақ әдебиеті – қалың қауым арманының шапағатты нұрынан жаратылған, ең үздік дәстүрлерді ілгері жалғастырған, адам баласы қан-қазынасына толымды қор қосқан жаңа сапалы құбылыс.

Ұлт әдебиет үлгілерінің өзара әсері мен бірін-бірі құнарландыруы, жанрлық формалардың дамуы мен баюы, үздік жетістіктер мен дәстүрлердің ортақ игілікке айналуы, асылында, қазіргі әдеби процестің негізгі тенденциясы екендігіне дау жоқ. Ұлтымыздың рухани паспорты болып табылатын қазақ әдебиеті аз уақыт ішінде аса шапшаң даму кезеңдерінен өтіп, кемелденген өнерге тән жанрлық салалардың бәрін тудырып, жетілдіру, өрлеу бағытында реализмнің кең, даңғыл айдынына шықты.

Өнер мен әдебиеттің, күллі мәдени қазынаның көзі ашылып, драматургия, опера, балет, симфония сияқты барша өркениетті елдерге тән жанрлық формалар қаулап өсті.

Қазақ әдебиеті мен өнері туралы тұтас жүйелі ғылым салаларының туып, қалыптасып, шарықтап дамуында А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Е. Исмайылов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, М. Қаратаев тарихи еңбек сіңіріп, жаңа арналардың негізін салды.

Ал Т. Нұртазин, Б. Шалабаев, Ә. Тәжібаев, Е. Лизунова, З. Ахметов, С. Қирабаев, М. Базарбаев, Р. Бердібаев, М. Дүйсенев, З. Қабдолов, Ә. Шәріпов, Т. Кәкішев, М. Хасенов, Б. Наурызбаев, Н. Ғабдуллин, А. Нұрқатов, Т. Қожекеев, Х. Әдібаев, Ә. Нарымбетов, Т. Әбдірахманова, Ш. Елеукенов, Ж. Ысмағұлов еңбектері қазіргі әдеби процесс мәселелеріне, жеке қаламгерлер шығармашылығына жанр, стиль және әдеби әдіс проблемаларын саралауға арналған.



Фольклордың, әдебиет тарихы мен әдеби байланыстардың өзекті мәселелері – Ә. Марғұлан, А.С. Орлов, М.С. Сильченко, Н.С. Смирнова, М. Ғабдуллин, Ә. Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев, М. Фетисов, Е. Ғабдиров, К. Қанафиева, Қ. Мұхамедханов, Ш. Сәтбаева, Л. Әуезова, М. Бөжеев, Х. Сүйіншәлиев, С. Сейітов, М. Мырзахметов, Ө. Күмісбаев, М. Мағауин, Б. Уахатов, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов еңбектерінің басты арқауы.

Әдебиеттанудағы Б. Майтанов, Д. Ысқақов, А. Қыраубаева, С. Негимов, Ж. Дәдебаев, А. Еспембетов, Ш. Ибраев, Б. Әбілқасымов, Қ. Алпысбаев, Т. Жұртбаев, Қ. Ергөбеков, Б. Ыбырайымов, З. Бисенғалиев, Б. Мамыраев, А. Жақсылықов зерттеулері кейінгі жылдардағы жетістіктерімізді көрсетеді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында поэзия, эпикалық проза, әсіресе роман түбегейлі зерттеліп келе жатыр. Ал драматургия туралы арнаулы еңбектерден С. Ордалиевтің «Қазақ драматургиясының очеркі» (1964), Р. Рүстембекованың «Қазақ совет комедиясы» (1975). М. Дүйсеновтің «Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселесі» (1977), Е. Жақыповтың «Дастаннан драмаға» (1979), Н. Ғабдуллиннің «Ғ. Мүсрепов – драматург» (1982) зерттеулерін бөліп атау қажет.

Театр сыншылары Ғ. Тоғжанов, І. Жансүгіров (1933), Н. Львов (1957), Қ. Қуандықов (1969, 1972), Б. Құндақбаев (1976), О. Қайдалова (1977), У. Садықова (1967), А. Тоқпанов (1976), Л. Богатенкова (1979), Ә. Сығаев, Қ. Уәлиев еңбектерінде драматургия туралы айтылған құнды тұжырымдар бар.

Тұтас алғанда, қазақ драматургиясын зерттеу саласында бірқыдыру істер тынды: жанрлық қалыптасу кезеңдер анықталды, жеке драматургтер шығармашылығы ғылыми тұрғыдан тексерілді, алғашқы жанрлық классификация жасалды.

Сондықтан да қазақ әдебиеттануының қазіргі деңгейі драма жанрларының спецификалық ерекшеліктерін, поэтикасын айқындауды, олардың әдеби дамудағы орны мен маңызын ашуды, өрістеу процесін тиянақтауды, жанрлық структуралардың өзгерістерін, олардың өзара байланысы мен баюын көрсетуді талап етеді.



Қазақ драматургиясының жанрларын жүйелі түрде зерттеу, идеялық-эстетикалық ерекшеліктерді айқындау, қазіргі жанрлық дамудың тенденцияларын ашып көрсету мақсаттары ізденістің негізгі нысанасы болмақ. Бұл мәселелерді тексеру, біздің ойымызша, бүгінгі әдеби-көркем процесс диалектикасына бойлап енуге, ұлттық және интернационалдық дәстүрлердің арақатынасын көрсетуге, белгілі кезеңдердегі әдеби даму заңдылықтарын ашуға мүмкіндік берсе керек. Мұның үстіне қазақ драматургиясының дамуындағы қалыптасқан дәстүрлер мен тұрақты байланыстарды анықтау, олқылықтар мен кемшіліктерді көрсету келешек өрістерді болжауға жағдай жасары сөзсіз.

«Әдеби дамудың әр кезеңінде, – деп тұжырымдайды академик Д.С. Лихачев, – жанрлар түрлі өзгермелі факторлардың әсерінен қалыптасып, сан алуан қасиеттерге ие болғандықтан, әдебиет тарихы алдында ерекше міндеттер туады: жанрларды ғана емес, жанрлық саралауды тудыратын принциптерді зерттеу керек, жеке жанрларды, олардың тарихын ғана емес, әр дәуірдегі жанрлар жүйесін (системасын) зерттеу керек» (Д.С. Лихачев. *Көне орыс әдебиетінің поэтикасы*, 3-басылуы. – М.: Ғылым, 1979. – 55-б.).

Осы талап ерекше ескерілді, еңбекте нақты шығармаларды талдай отырып, жанрлардың, әсіресе жанрлық жүйелердің даму процесіне көбірек көңіл бөлінді.

Зерттеуде ғылыми проблемалар бірнеше аспектіде қаралды: қазақ драматургиясының жанрлық ерекшеліктері трагедиялық, драмалық, комедиялық категориялармен сабақтас түрде, типологиялық салыстырулар арқылы ашылады, қазақ драматургиясында тақырыптық арналардың қалыптасу кезеңдері қаһарман мәселесімен, типтендіру әдістерімен, авторлық позиция принциптерімен, көркемдік құралдардың баюымен, халықтық дәстүрлердің ықпалымен диалектикалық байланыста тексеріледі.

Егер әлем драматургиясы сан ғасырмен есептелетін ұланғайыр жолдан өтсе, қазақ драматургиясының тарихы әлі



ғасырға да жеткен жоқ. Соған қарамастан қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық, тарихи-мәдени қауырт өрлеп дамуы, халықтың мыңдаған жылдық дәстүрі бар фольклоры, кәделі өнері, бай әдебиеті жаһан мәдениетіндегі дәстүрлермен қауыша келіп, қазақтың жаңа сапалы өнерін – драматургия мен театрды өмірге әкелді.

Сөйтіп, тұтас, жүйелі, жан-жақты әдеби-мәдени процесс пайда болды.

Қазір қазақ драматургиясы жалпы драмаға тән қасиет-сапаларға, жанрлық структуралар мен формаларға түгел ие. Аз уақыттың ішінде қалыптасқан, тарамдалған жанрлық жүйе ұлтымыздың жаңа мәдениетімен, әдебиетімен бірге өсіп, жетіліп отырды.

Әдебиеттің ерекше бір түрі – драматургия театрды нысана етеді, сахнаға қойылу үшін жазылады. Танымдық, тәрбиелік мәні бар, идеялық-эстетикалық әсері орасан күшті өнер – драматургия тоғысуы, характерлер қақтығысы, сезімдер шайқасын көрсетіп, аса қатал композиция талаптарын ескере отырып, ерекше көркемдік құрал – диалогтар мен монологтар арқылы болмыстың сан алуан шындықтарын ашады, өмір құбылыстарына баға береді, билік айтады.

Бүгінгі таңда жанр проблемасына әдебиеттану, өнертануда ерекше көңіл бөлініп отыр, бұл салада көптеген зерттеу еңбектер жарияланды.

Жанр және олардың сан алуан түрлері әлемдегі барлық халықтардың мәдениеті мен әдебиетінде кең орын алатын жалпылық мәні бар құбылыстардың қатарына жатады.

Типологиялық тұрғыдан жанр табиғаты ұқсас, сарындас, олар бір жерде ішкі жағдайлардың әсерінен дүниеге келсе, екінші ортада тарихи-мәдени алыс-берістер ықпалынан тууы да мүмкін. Бұл мәселені пайымдау үстінде эстетикада әр түрлі ғылыми мектептер, сан алуан бағыттар болғандығын көреміз. Драмалық жанрларға Аристотель «Поэзия өнері туралы» деген еңбегінде тиянақты анықтама береді. Буало («Поэтикалық өнер»), Дидро («Драмалық поэзия туралы»), Гегель («Шығармалары», XIV т.),

❖ ————— ❖

Белинский («Ақылдың азабы» – А.С. Грибоедов шығармасы», Шығ. жинағы. I том. 476-495-бб.) еңбектерінде де драма жанрына берілген сипаттамалар бар.

Шетелдік оқымыстылардың бір тобы жанрларға психологиялық, екінші тобы грамматикалық категориялар арқылы түсінік жасамақ болады. Ал озық ғылым бұларға мүлде қарама-қарсы, объективті критерий ұсынады – жанрды қоғамдық, мәдени-әдеби жалпы дамумен сабақтас қарап, нақты әлеуметтік-тарихи, эстетикалық-көркемдік аспектіде анықтама береді (*Әдебиет теориясы. Әдебиеттің тегі мен түрі. – М.: Ғылым, 1964*).

Жанр тудыратын элементтер деп сюжет түзілісі, композиция, тақырып, поэтика, бір сөзбен, шығарма идеясы мен мазмұнын ашатын көркемдік құралдарды айтуға болады. Бұған драмалық эмоциялық әсер беретін формаларды да қосқан дұрыс: трагедия – қайғыртсын, комедия – күлдіртсін, драма – толқытсын. Даму процесінде жанрлар өзара ықпал етеді, бірінбірі байытады; кейбір жанрлар жаңғырып өссе, кейбіреулері өшеді, өледі. Жанр құбылысы дегенде табиғи, диалектикалық өзгерістерді айтамыз, әйтпесе шекарасыз, жағасыз, арнасыз жанрлық форма жоқ. Бұл талап ескерілмесе, шығарма босаң, болжыр тартып, көркемдік аяққа басылады, эстетикалық қасиет жойылады.

Кең мағынасында алғанда, типологиялық тұтастық сипаты бар эстетикалық категория – жанр өз структурасында көркемдік дамудың бұрынғы байлығын сақтай отырып, әрбір жаңа шығармада соны сипатта көрінеді. Эстетикалық мазмұн белгілі жанрлық қалыпта құйылып шығып, көркемдік элементтердің тұтастығын, логикасын сақтап, диалектикалық бірлік, гармониялық келісім табады. «Жанр, – деп жазды М. Бахтин, – әрқашан өзі әрі өзі емес, әрқашан көне әрі жаңа, жанр әдебиет дамуының әрбір жаңа кезеңінде, әрбір жаңа шығарма тұсында қайта туындап, жасарады... Жанр бүгінгі күннің тынысымен өмір сүреді, бірақ әрқашан өз өткенін ерекше қасиет ретінде бойында сақтайды. Жанр – әдеби даму



процесіндегі творчестволық тұжырым түрінде қалады» (*М. Бахтин. Достоевский поэтикасының проблемалары. – М.: Советский писатель, 1972. – 178-179-бб.*).

Оқырман назарына ұсынылып отырған бұл монографиялық зерттеуде автор ұлттық өнер саласындағы көп жылдардан бергі ізденістерін қорытындылайды, қазақ драматургиясының жанр жүйесін саралауды, эстетикалық-көркемдік ізденістерді ашып, типологиялық жинақтаулар жасауды мақсат етеді.



Бірінші бөлім

ТРАГЕДИЯ

ТРАГЕДИЯЛЫҚ ТАРТЫС ЖӘНЕ ТРАГЕДИЯЛЫҚ ХАРАКТЕР

Драматургия жанрларының ішінде өмірге айрықша жақын түрі – трагедия, өйткені бұл формада тіршіліктің сан алуан қайшылықтары, ғаламат тартыстар, құштарлықтар мен сезімдер шайқасы, ойлар мен идеялар қақтығысы ерекше зор пафоспен әрі реалистік тереңдікпен бейнеленеді. Классикалық әдебиеттегі трагедияларда дара тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтармен кереғар қайшы келуі, бітіспес күреске түсуі көрсетілген. Трагедия қаһармандары сұм заманның қатыгез әдеттерімен шайқаста опат болады; олардың алдарында тас қамалдай неше түрлі кедергілер, асу бермес тосқауылдар тұрады; трагедия асқақ рухты қайсар жанның алапат күресін суреттейді. Трагедия қаһарманы теңіздей сұрапыл тебіреніс құшағында; ол өз ішіне терең бойлайды; қайғылы, азапты хал кешеді; кедергі, қарсылықтармен қаймықпай күреседі.

Трагедия жанрының табиғатын түсінуде Карл Маркстың «Гегельдің право философиясын сынау. Кіріспе» деген еңбегінде айтылған түбегейлі методологиялық байламдардың маңызы айрықша зор. Трагедия категориясына қатысты орнықты пікірлерді сан алуан ғылыми зерттеулерден көптеп табамыз. Мысалы, А.В. Луначарский дүниежүзілік драматургия тарихына сүйене отырып, трагедияны символдық және реалистік деп екі салаға бөліп қарайды. Бірінші қатарға Гетенің «Фаустын» қосса, екінші қатарға Шекспирдің «Гамлетін» жатқызады (А.В. Луначарский. *Театр және драматургия туралы.* – М., 1958, 1, 2-тт.)



Трагедияның ең басты ерекшелігі трагедиялық тартыста көрінеді. Трагедиялық конфликт кейіпкердің тартқан азабы мен өліміне де сабақтас. Бұл – қосалқы, сырт сипаттардың бірі. Ал трагедиялық тартыстың өзегі әлеуметтік-тарихи, қоғамдық-саяси қабырғалы күштердің шайқасында жатыр. Бұл қақтығыста кең құлаш, қоғамдық мағына, философиялық тереңдік бар.

Трагедиялық шығарманы оқыған, яки сахнадан көрген адам орасан зор тебіреніске түсіп, сан алуан ойға қалып, кейіпкер қайғысын бөлісіп, бір алуан сезім толқынына бөленіп, қапалы ой құшағына енеді. Бұл идеялық-эстетикалық әсер ету ерекшелігін Аристотель жан ашу, қорқыныш һәм қуаныш сәттерінің шарпысуынан туған ерекше күй деп атайды. Дәлірек айтқанда, көрерменді қаһарманның қайғы-азабын бөлісу, оның ауыр тағдырынан шошыну және күнөдан құтылып, тазару сезімдері билеп, ол өзі сол халдерді бастан кешкендей, өзі өліп-тірілгендей болып толқымақ.

Трагедияның тағы бір маңызды сипаты – басты кейіпкер үлкен қателік жіберіп, зор адасуға ұшырайды. Бұл – әлеуметтік жағдайлар мен қоғамдық қарым-қатынастар тудыратын, кейіпкердің өз еркінен тыс, оның идеал-мұраттарын күйретіп, мақсатына жеткізбей мерт қылатын зауал іспетті, тағдыр, жазмыш бұйрығы тақылеттес ерекше ситуациялардан шығады.

Сөз жоқ, трагедиялық қателік, адасу қаһарманды әуре-сарсаңға салады; ол басын тауға, тасқа соға жүріп, мақсатына ұмтылады, бірақ ақыры өзінен әлдеқайда сұрапыл күштер соққысынан мерт болады. Реалист суреткер қаһарман өлімінің ішкі мәнін, объективті себептерін көркемдік құралдар арқылы аша білмек.

Сөйтіп, трагедия – драматургияның қаһарлы тартыстар мен адасулар шайқасы, қат-қабат өмірдің объективті қайшылықтарын терең образдар арқылы ашып, зор айқастар, үлкен күрестерді бастан өткеріп, шындыққа жету жолында опат болатын күрделі тұлғаның қайғы-шері, мұң-ызасы эмоциялық-эстетикалық ғаламат әсермен оқырманға (көрерменге)



берілетін, болмыстың қаны сорғалаған сұрапыл шындықта-рын айқара ашып, қопара бейнелейтін іргелі жанры. Әрине, қалыпты өмірдің өзіндік тілек, талап, шарттары мен тарихи, трагедиялық тұлғаның мақсаты арасындағы күрес, конфликт, тартыс атаулының әр қоғамда, әр дәуірде, әр әлеуметтік, ұлт-тық ортада сан алуан форма, көрінісін тудыруы – объективті заңдылық. Трагедиялық тартыстар мен адасулар табиғатын, эстетикалық-эмоциялық әсер ерекшелігін, сюжеттік материал мен көркемдік-композициялық құралдар жүйесін, тақырып-тық идеялық нысананы ескере отырып, қазақ трагедиясын мы-надай салаларға бөлуге болады: а) эпикалық трагедия; ә) тарихи трагедия; б) адамгершілік-тұрмыстық трагедия.

Бірінші тарау

ЭПИКАЛЫҚ ТРАГЕДИЯ

Халық қиялы оқшау жәйттерді, ерекше істерді уақыт өткен соң басқа бір қырынан көріп, жаңаша тірілтіп, жаңғыртып, ұмытпай жадына сақтайды, есіне тұтады. Солай кете береді ұрпақтан-ұрпаққа.

Жиырма жасар Мұхтар Әуезовтің қиялын қозғап, қолына қалам алдырған Еңлік пен Кебек жайлы халық аңызы болатын.

Дүние жүзі әдебиетіндегі бірталай ұлы шығармалар халық аңызы негізінде туғандығы белгілі. Жеріне жеткен шеберлікпен, асқан ақындық күш-қуатпен ғаламат философиялық шындықтарды поэтикалық суретпен берген Гетенің «Фауст» трагедиясының сюжеттік желісі халық әдебиетінде жатыр. Неміс Клингер «Фаустың өмірі, қызметі, өлімі» деген роман, ағылшын Марло «Доктор Фаустың қайғылы тарихы» атты трагедия жазды. Тақырыпты әр түрлі пайымдағанмен, бұлардың бәрі де көркемдігі, тереңдігі жағынан Гете трагедиясынан көш кейін. Мұндай фактілер арқылы аңыз бен көркем әдебиеттің байланысы, әр жазушы аңызды өз шығармашылығында қалай пайдаланды деген мәселелерді айқындауға болады. «Еңлік – Кебек» аңызының нұсқаларына тоқталғанда осы мақсат көзделеді.

Алғашқы нұсқа «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» деген атпен 1892 жылы «Дала уәлаяты» газетінің 31-39-сандарында жарияланды. Әңгіме былай баяндалады: «...Тобықты рулары мекендеп отырған таудың аты Шыңғысхан есімімен байланысты деседі. Үй тігіп, бауырына қонып, содан бір таудың атын Орда қойған екен. Басына шыққан соң екіншісін Хан атаған. Доғалаң, Шонай – бұлар да жаужүрек батырлар есімі. Соның бәрі – моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі тарих жаңғырығы.

Шамасы, бұдан жүз елу жыл бұрын Жуантаяқта Кебек деген батыр болған. Жиырмаға келгенде жас батырдың күш-қайраты бойына сыймай, алыс атыраптарға асыққандай, жүрегі ат-



тай тулайды. Ел-жұртқа дуалы деген, аты жайылған Нысан Абыздың мекені Шыңғыстаудың құз-қия бір қуысында. Ол – мінезі тұйық, көп сөйлемейтін, түсі суық жан. Бет-аузын жыбырлатып, денесін аласұра қозғалтып, сөйлеп, ыңылдап бал аша бастаған кезде анау-мынау адамның құты қашып, зәресі ұшады. Болашақты болжаймын деп тесіле қадалып, қобызын сарната жөнелгенде тыңдаушының көзіне еріксіз жас үйіріледі.

Кебек атын ақырын аяндатып, Нысан Абыздың жадау киіз үйіне келеді. Қобыздың адам жүрегін елжірете зарлаған, сызылған, мұңайған, қайғы төккен сазы құйылып, жігіт көңілін оп-оңай баурап алды.

– Кебек батыр, неге тұрып қалдың? – деген қатқыл дауыс естіледі. – Әлде келген шаруанды ұмыттың ба?

Түсі суық шал жігіт сәлемін алып болмай жатып, оның көзіне көзін қадап:

– Мен келетініңді, Кебек батыр, біліп отыр едім, – деді. – Жындарым ашқан маған – сенің тағдырың үрейлі де қауіпті. Шыдармысың тыңдарға?

– Сол үшін келдім ғой. Болжап берші, болжа. Болашақтан қорқатын қоянжүрек мен емес. Өлім біреу ақыры.

– А, солай ма?.. Тыңда. Өтер, жылдар кетер. Білегіңнің күші де, епті пысық ісің де жаяр даңқыңды алысқа. Сені руыңның тірек қазығы деп таныр, сыйлар. Бірақ күнің қысқа. Тіршіліктің бар қызығын енді татып, өмір құнын енді түсіне бастағаныңда, бақыт құшқан шағыңда туыстарыңның да, жауларыңның да қарғысын алып өлесің.

Кебек қорқынышты шалдан көзін алмай тыңдап қалған.

– Алдамаймын мен. Келеді ол уақыт. Тау арасындағы ағынды өзен жағасында қызбен кезігесің. Қазір-ақ көріп тұрмын. Жындарым көрсетіп тұр: ұзын бойлы, еліктей сымбатты, шашы қарғаның қанатындай қап-қара, маңдайы биік, көзі күзгі түндей тұңғыық, теңіз түбіндей терең. Осы қыз әйелің болады, соның жолында қаза табасың сен.

Осыны естіп Кебек үйіне қайтады. Арада бірнеше жыл өткен. Кебек даңқы алысқа жайылған батыр болады. Бір күні



бүркітін алып түлкіге шығады. Қызды-қыздымен, аңшылық әсермен жүріп Хан тауынан асып, қарсы ру, жауласып жүрген ел – Матайлардың жеріне қалай өтіп кеткенін өзі де байқамай қалады. Ол кезде қас қарайып кеткен. Үйге қайтпай, қоналқыға таяудағы ауылға беттегенде бір қызға жолығады. Сұлу. Кебек оны бұрыннан білетін сияқты. Еңлік. Жалын сезім екеуінің де бойын шарпып, махаббат құштарлығы алау атады.

Еңлікті әкесі Керей руындағы бір бай шалға атастырып қойған болатын. Қалың малдың да жартысы алынған. Қос ғашықтың ыстық құшақтарына еш нәрсе де тосқауыл емес, сүйіспеншіліктің жалын толқыны ұмар-жұмар тартып әкеткен. Кебектің келуі жиі. Бір түнде Еңлікті алып, өз ауылына тартып береді.

Намыстары күйгендей болған қыздың елі Кебек ауылының малын барымталап айдап әкетеді. Пәле басталды. Елді ел шабады. Барымта. Соғыс. Өлім. Екі жыл итжығыспен, жұлқысумен шаршап, шалдығып барып орта биге жүгінеді. Қорқау би Кеңгірбай төрт айлық балалары бар Кебек пен Еңлікті Тоқтамыс жоқта қолға түсіреді. Жүз кісіні Кеңгірбай бастап, сонша қарсы елден еріп, Еңлік пен Кебекті жазалау үшін Ақшоқы биігінің басына жиналады. Кеңгірбай сырт көзге Кебекті арашаламақшы боп жалған қабақ білдіргенімен, іштей оның өлімін тілейді. Өйткені Кебек бел алып, беделі өсіп, ел ішіндегі өзімен иықтас адам болып бара жатыр еді. Билікті ешкіммен де бөліскісі келмейді Кеңгірбайдың.

Ақыры Кебек пен Еңлікті тасбауыр жандар ат құйрығына байлап өлтіреді...

Кебек – жаудан қайтпас ержүрек, жар сүйген жалынды жігіт. Екі елдің шоқпар сілтесіп, қарсы шабысып тұрған жаугершілігіне қарап, қорқып бас сауғаламайды. Сүйген жарын алып қашады. Ескі әдетпен батыр махаббаты үшін күреске түседі.

Абыз бейнесі, бір жағынан, болашақты болжауды көксеген ел арманынан хабар берсе, екінші жағынан, халық нанымның балалық кезеңін, тағдырға, талайға илануды көрсетеді.



Әңгімеде Еңліктің портреті берілген. Ұзатылғалы отырған бойжеткеннің ұнатқан жігітімен көңіл қосып, тұсау кесуі – оның азаттықты тілеп, батыл басқан қайратты қадамы. Жазықсыз екі жасты аяусыз өлтірген қатыгез әдет әңгімеде жазғырылып отыр. Кеңгірбайдың Кебекті бақталасым деп өлімге итеруі ашық айтылады.

«Еңлік – Кебектің» қағаз бетіне түскен бұл бірінші нұсқасында халықтық сарын, халықтық идея басым. Тілі, сюжеті, композициясы, стилі, образдары – барлық көркемдік компоненттері жіптіктей болып тұрмаса да, бұл әңгіме осы қасиетімен құнды.

«Дала уәлаяты» газетінің 1900 жылғы 46-санында жарияланған нұсқа «Қазақ тұрмысынан хикая» деп аталды. Алғашқы варианттан бірнеше өзгешелігі бар. Мұнда жігіт Кебек емес, Серғали, Қыз аты – Қаңлық. Абыздың аты – Келдей. Тоқтамыс – Бесқабан, Кеңгірбай Шалпақ деп берілген. Шыңғыс, Хан, Ақшоқы сияқты таулардан басқа Далаған, Бүркіттау деген жерлер де айтылады.

Абыз қобызын сарнатып, көк терге түсіп Серғалидің келешегін болжайды. Жігіттің батырлық даңқы жайылатынын, «ұзын бойлы, еліктей сымбатты, шашы қарғаның қанатындай қап-қара, биік қабақ, көзі күзгі түндей тұңғиық, теңіз түбіндей терең» сұлу қызбен ұшырасып, қосылатынын айтады. Көп өмір сүре алмайтынын да жасырмайды. Батыр, Абыз айтқандай, Қаңлық қызға жолығады, онымен қосылады. Екі ру бірігіп, екеуін ат құйрығына байлап өлтіреді. Бесіктегі бала шырылдап, иесіз тауда қалады.

Бірінші нұсқадағы сюжет желісі, образдар қалпы сол күйінде сақталған. Серғалидің кейпі – Кебектің кейпі. Абызбен кездескендегі айтылатын сөздер бірінші нұсқадағының дәл өзі. Сөзбе-сөз келеді. Жалпы 1900 жылғы нұсқада адам аттарындағы бірер өзгеріс болмаса, ол – 1892 жылғы әңгіменің көшірмесі. Еңліктің атастырылған адамының айтылуы, әңгіменің Кебеков деген молланың аузынан берілуі, ұсақ қосымша суреттеулер – 1900 жылы қосылған анахронизмдерден мынадай ойға



келеміз: «Дала уәлаяты» газеті жыл аяғында жаңа оқушылар тарту мақсатымен сегіз жыл бұрын басылған өңгімедегі адам аттарын әдейі өзгертіп, қайтадан жариялаған секілді. «Еңлік – Кебектің» 1900 жылғы нұсқасы алғашқы вариантты қайталап шықты. Қажетсіз ұсақ бұрмалаулар аңыздың негізгі сарынына нұқсан келтіре алған жоқ. Адал махаббатты дәріптеп, қара жүректілікті айыптаған халықтық идея бұрынғы күйінде қалды.

Үшінші нұсқа – Мағауияның «Еңлік – Кебек» поэмасы. Ол Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының архивінде сақталған қолжазба бойынша 1960 жылы «Дастандар» жинағында басылды. Мағауия «Еңлік – Кебегінің» оқиғасы, сюжеттік желісі, композициялық құрылысы 1892 жылғы нұсқамен арналас. Ақын образдарды біршама айқындап, бұрынғы идеяны өзінше саралай түскен.

*Руы Кебек ердің Жуантаяқ,
Елі үшін жанын салған аянбай-ақ.
Зор көкірек, ер сөзді адам еді,
Сол ерлігі тұбіне жетті бірақ, –*

деп жас батыр іш тарта суреттеледі. Абыздың келбеті, бал ашардағы жүзінің құбылуы, дене қимылдары бұрынғы нұсқалардағы қалыпта берілген. Биік қабақ сұлу қызбен кездесетіні, ажалы жететіні де бұрынғыша. Мағауия поэмасында Кебек пен Еңліктің тұңғыш кездесуі ұзағырақ суреттеледі. Өңгіме варианттарында Кебек пен Еңлік екі қайырымға келмей, көрген беттен ғашық болды деп келте қайырылса, поэмада қыздың кескіні, жүріс-тұрысы, киімі кең сипатталып, махаббаттың оянуы, тағдыр жазмыштан емес, адам баласына тән сезім екендігі нанымды бейнеленеді.

*Тіп-тік жауырын, нәзік бел, бұрымы ұзын,
Салмақпенен салады қара көзін.
Жауап берсе қалжыңға сондай ұста,
Ешкім сөгер жан емес айтқан сөзін, –*




деген жолдар арқылы Мағауия психологиялық портрет жасауға ұмтылады. Кебек батырдың жас сұлуға ынтығуы оқушы жүрегін қытықтайды, ақын өмір шындығын дәл көрсетпек болып, реалистік мәнермен Еңлік бейнесін табиғи қалыпта кескіндейді:

*Мен сізге жар болып ере алмаймын,
Ел-жұрттың мазағына көне алмаймын.
Көңілім қанша елжіреп тұрса-дағы
Жар болам деп уәде бере алмаймын.*

Мұнда қоспа жоқ. Өз дәуірінің бел баласы шыққан орта, өскен аймағының моралінен қия басып, тая соқпайды. Махаббат деп аһ ұрған жас жүректі ыстық сезім тебірентсе де, салқын сабыр басу айтады. Бірақ жүректің аты – қашанда жүрек. Бабына түсіп, кезіне келсе, оған әмір жүрмейді. Адам жүрегі – азаттық пен әділет құлы әмәнда. Әуелде аяншақ, көрбала Еңлік артынан Кебекпен көңіл қосып, асыл, ыстық махаббаттың бал күндерін бастан кешеді. Поэмада Кебек Еңлікті алып қашқаннан кейінгі оқиға асығыс баяндалады. Бұрынғы нұсқалардағыдай бір-біріне жасаған қоқан-лоқысы, барымта соғыстары суреттелмейді, екі жастың романтикалық махабатының трагедиялық финалы бейнеленеді. Алғашқы екі әңгімеде Тобықты биі Кеңгірбайдың Кебекті ұстап беруі бақталастық, ертең өз орнымды басады деген қауіп болып көрсетіледі. Поэманың бір жаңалығы – Кеңгірбай бейнесі жаңаша пайымдалған. Ол қыз қайнынан пара алады.

Кеңгірбайдың зымияндық қулықпен әскер жиып, Кебек пен Еңлікті алдап қолға түсіруін жете баяндау, қандыауыз бидің опасыздығын әшкерелеу Мағауия поэмасының сыншылдық күшін, әлеуметтік салмағын үстеп тұр. Кебек пен Кеңгірбай диалогтарынан бірінің өр мінезі, қайраты, қайсарлығы көрінсе, екіншісінің мысықтабан жымысқылығы, найза бойламас аярлығы аңғарылады. Кебек:


*Бұл пәле бәрі сенен, Кеңгірбайым,
Қызды берме бітімге, малшы дайын.
Егер де сен қызды беріп қойсаң,
Өмір бойы жау болам, жасырмаймын, –*

деп өлім тұзағы мойнына лақтырылған сәттің өзінде қайтпай соғады.

Кеңгірбай Кебекті ат құйрығына байлатып өз қолымен өлтіреді де, Еңлікті атастырылған жеріне береді. Алғашқыда ата жолын кесе-көлденең өтпейтін жуас Еңлік характеріндегі эволюцияны Мағауия жақсы көрсеткен. Кебектей батырды жар етіп, ыстық махаббат жолында күреске түскен жас сұлу азуы алты қарыс Қабан биге лағынет жаудырады:

*Кеңгірбай, ит екенсің дінің қатты,
Жүрмісің көрмеймін деп гарасатты?
Не жауапты бересің пара алғанға,
Би алдына барғанда әділетті?*

Мағауия поэмасы да екі жастың өлімімен, емшектегі нәрестенің елсізде қалуымен тәмам болады. Ақын аңыз оқиғасы мен сюжетіне күрделі өзгеріс енгізбесе де, Кебек, Еңлік, Кеңгірбай образдарын бұрынғы қалпынан біршама тереңдетіп, дамытып, сыншылдық рухтағы поэма тудыра алды.

Төртінші нұсқа – 1912 жылы Семейде жеке кітап болып басылған «Жолсыз жаза» поэмасы. Ескілікті жақсы білген шежіре ақын Шәкәрім Еңлік – Кебек оқиғасы 1780 жылдар шамасында болғанын дәл көрсетеді. Ақтабан шұбырындыдан кейін қазақтардың Сырдан кетіп, Шуға, Арқаға қарай аууы сөз болады. Бұл поэма да Кебекті таныстырудан басталған. Бұрынғы варианттарда жоқ ерекшелік – жас батырдың портреті:

*Он бесінде Кебектің аты шықты,
Атты, жаяу – бәріне бірдей мықты.
Көзі өткір, қараторы жігіт екен,
Орта бойлы, тапалдау, кең шықты.*

*Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.
Жауға батым, жақынға және әдепті,
Кішіні іні, үлкенді ағатайлап.*

Оқиға белгілі арнадан аумайды, сол із. Алдағы өмірін болжатуға Кебектің Нысан Абызға келген беті. Ақын Абыздың динамикалық, жанды кескінін жасай алған. «Арнап-сарнап, бұлдырап-ұрлап, шымырлап-сыбырлап» тәрізді етістік ұйқастар үйіліп-төгіліп, бірін-бірі өкшелеп, Абыз қимылының нақты картинасын көзге елестеткендей болады. Бұдан кейін Кебектің дәстүрлі аңға шығуы бар. Осы эпизодтан Абай өлеңінің игілікті әсерін байқау қиын емес. Сылдыр сөзден қашып, сурет жасауға, образдылыққа мән беру жағы көзге түспей қоймайды.

Автор Кебек пен Еңліктің алғаш жолығысуын бұрынғы нұсқалардағы дәстүрмен шолақ қайырмай, мол әрі қызықты суреттеген. Поэманың ең көркем тұсы – Кебек пен Еңліктің арасындағы сырласу эпизоды. Диалог ауқымынан шығып, ұзақ монологқа айналып кеткен жолдарда жастар сыры шертіледі. Образдардың іштей ашылуы, олардың сөздік сипаттамалары арқылы бейнеленуі үлкен ақындық шеберлікті көрсетеді.

Басқа нұсқаларда Еңліктің үй-жайы, әке-шешесі айтылмаса, «Жолсыз жазада» оның жалғыздығы, еріксіз ұзатылып отырғандығы, әкесінің жас күнінде батыр болғандығы, нағашысы Қабанбай екендігі баяндалады. Тұрмыстық детальдар – қонақ күту әдеті, ат жайғау, дәм беру тәртібі бейнеленеді. Жал-жая, қазы-қарта, қарсақ жон сорпа айтылады.

Еңлік образын пайымдауында да сонылық бар. Сөз айтушы жігіт емес, қыз. Бұл жағынан алғанда, Еңлік Онегинге бірінші боп хат жолдаған Пушкин Татьянасының қылығын еске түсіреді. Батылдықты айтып отырмыз. Тұсау әдет, жөнсіз жоралғыны атап өткен сүйіспеншілікті, сезім азаттығына ұмтылудан туған еркіндікті айтып отырмыз. Болмаса орыс қызы Татьяна мен қыр перзенті Еңліктің алған тәрбие, көрген орта,



түйген байламдары да, мінез-құлқы да, тағдыр-талайы да екі басқа екендігі әркімге түсінікті.

Еңлік жас батыр Кебекті сезім бөлісер, қуаныш-рақатқа, күйік-қайғыға ортақтасар бастас, қамау-қапастан алып шығар ер азамат деп мұңын шағады. Онда да көз жасын көл-дария ағызған төмен етек пұшаймандық емес, наз бен қылық аралас жан құпиясын ашу. Адал, ақ, ұзақ махаббатты тірлік медеуі, өмір мақсұты көрген бейкүнә жастың толқыған мөлдір сезімі.

Махаббатты шу деп лау етіп, ақыл, сабырға жол бермей қаулай жөнелетін стихиялы күй ретінде суреттеу – романтикалық сарынға тән әдіс. «Жолсыз жаза» авторы бұл беттен бас тартқан. Еңлік пен Кебек арасындағы ұзақ монологтар реалистік арнада берілген:

*Нышан жоқ бет-ауызда сақал-мұрттан,
Бұрын да естуші едім жайын сырттан.
Түн болса ұйқыдан бас көтермейді,
Күндіз асық іздейді ескі жұрттан.*

Осындай аз штрихтан-ақ Еңлікті айттырып отырған адамның сырт бейнесінің ұсқынсыздығын, жан сарайының татаусыздығын аңғарамыз. Жас сұлудың одан бойын аулақ салып, Кебек ерге шерін тарқатуы табиғи да заңды қадам, батыл қадам болып көрінеді.

Еңлік мінезінің ұстамдылығы, аз күндік қызықты аужал қылмас, баянды сүйіспеншілікті тілеген жүрек дүрсілі Кебекпен арадағы ұзақ диалогта жақсы ашылған. Кебектің жігіттік, адамшылық қасиеттері, ақылы, сыншылдығы Еңлік сөзіне берілген жауабынан көрінеді. Әуелі ол жас сұлуды қоршаған әділетсіздік тұманын нұсқап, қорқытпақ болады. Екі ел жаға жыртысып жүрген кез. Бірі Матай қызы болса, екіншісі – Тобықты ұлы. Қалың малын беріп, бүгін-ертең алып кетем деп отырған күйеуді қайтпек? Ез де болса, қор да болса, оның артынан ерген руы, намысын күйттер ағайыны бар. Сонда Еңлік пен

Кебек арасында ұзақ тірлік, ерлі-зайыпты баянды өмір мүмкін бе?

*Кімнің көзі жетеді күні ертеңге,
Теңін тапқан сені мен жалғыз мен бе?
Ел шабысып кетті ме соның бәрі,
Алып қашып алды ғой талай пенде.*

Еңлік басынан сезім сұлулығын, бұғып қалмас өжеттікті жіті аңғарған жас батыр оны өмірлік досым болар адал жар деп танып, ыстық құшағына алады.

Онсыз да атысып-шабысып жатқан ел арасына тағы да от түсті. Бүлік от. Қыздарынан айрылған Матай жағының зіл батпан ашуы мен өрттей шапшыған кегі бар.

Аяздай суық сөзбен тұқырта келген, артында аткөпір қалың қолы даяр Матайлар тізесіне Тобықты жағы шыдай алмайды – Кеңгірбай бастатқан, Көбей, Кенбайлар қостатқан билер тобы Еңлік пен Кебекті өз қолдарымен ұстап береді. Тағы да ат құйрығында кеткен қыршын өмір. Тобықты билерінің Кебек пен Еңлікті өлімге байлауы Матайлардың көптігінен, шарасыздықтан, қорыққандықтан жасалған қадам деген сыңай танытылады.

«Еңлік – Кебек» аңызының екі әңгіме, екі поэма түрінде келген төрт нұсқасына жеке-жеке тоқталып, оларды өзара салыстырып шыққан соң мынадай байламдар жасауға болады. Ұсақ ауытқуларды айтпағанда, барлық нұсқадағы оқиға, оның баяндалу реті, аяқталуы, аты аталатын адамдар негізінен бірдей. 1900 жылғы нұсқада өзгеріс бар. «Жолсыз жазада» жаңа есімдер айтылады. Адам бейнелерін кескіндеу де ұқсас. Кебек – батыр, Еңлік – асқақ махаббат иесі, Кеңгірбай – опасыз болып көрінеді. Шыңғыстау, Орда, Хан, Доғалаң, Ащысу барлық нұсқада аталады. Қараменде, Көбей, Кенбайлар – «Жолсыз жазада» қосылған адам аттары.

Нысан Абыздың бал ашқандағы сөзі, Еңлік портреті, бүркіт салу суреті сөзбе-сөз дәл келіп отырады. Бірталай тіркестер,